

**ЧЕХИЯДАҒЫ ҚАЙТА ӨРЛЕУ
ӘДЕБИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

КОБЛАНОВ Ж. Т. *,

Ш. Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail: zholaman.koblanov@yu.edu.kz

КАРИМСАКОВА Б. А.

Ш. Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail: baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Мақала Чехиядағы қайта өрлеу әдебиетінің маңызын пайымдауға арналған. Чехияда дүниеге келген гуманистік әрекет славян Қайта өрлеу дәуірі тарихында маңызды орынды алады. XV ғасырда гусшілдер әрекеті өрістеп бара жатқан Чехияда папа үстемдігіне өшпенділікпен қарау және тәуелсіздік үшін күрес күшейген еді. Бұл дәуірдегі чех әдебиеті дидактикалық және діни мазмұнда болды. Мемлекеттің экономикалық дамуы қалалардың жағдайын өзгертті. Бұл болса, итальян гуманизмінің кең таралуына мүмкіндік берді. Шет ел үстемдігі мен феодалдық озбырлықтарға қарсы күресте гусшілдер әрекеті үлкен рөл ойнады. Бірақ бұл әрекет діни жамылғыға оранғандықтан отансүйгіштік жырлар да діни рухта болды, олар музыка сүйемелдеуімен орындалды. Гусшілдердің католиктерге қарсы күресі және осы кезеңдегі реформациялық ағымдар Қайта өрлеу дәуіріндегі чех әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін белгілей алмайды. Ренессанстың басты белгілері антик қоғам негіздеріне сүйенген дүниежүзілік мәдениет, тән мен жан жетістіктерін бейнелеген, өмір қуаныштарын суреттейтін өнерде айқын көрінеді. Чех гуманизмінің алғашқы даму сатысы Петрарканың Прагада болған (1356) кезеңіне сәйкес келеді. Осы уақыттан бастап итальян поэзиясының «жаңа стиліне» қызығушылық туа бастайды. Сонымен қатар мақалада сол кезеңде чех қоғамында болып жатқан тарихи-саяси оқиғалардың әдебиеттің дамуына да мол ықпалы болғандығы пайымдалады.

Тірек сөздер: эпос, лирика, сахна, драма жанры, чех әдебиеті, эстетика.

Кіріспе. Мақаланың тақырыбының өзектілігі: Чехиядағы қайта өрлеу дәуірі әдебиетінің өзіндік даму табиғатын сипаттау.

Мақалада қайта өрлеу дәуіріндегі чех әдебиеті, сол кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдайлар қарастырылады. Чех әдебиетіндегі авторлық, реалистік идеяға, халықшыл жігер-рухқа, демократиялық бағыт-бағдарға ерекше назар аударылады.

Ғылыми маңыздылығы: Смиль Фляшка туындыларының чех қайта өрлеу әдебиетінің қалыптасуындағы маңыздылығын, негізгі сипаттарын анықтайды. Чехиядағы гусшілер қозғалысының ықпалын саралау арқылы сол кезең әдебиетіндегі шығармалардың өзіне тән болған ерекшеліктеріне ғылыми тұрғыдан баға беруге талпыныс жасалады. Гуманист қаламгерлер туындыларындағы сол дәуірдің шынайы бейнесі, қоғамдағы озбырлықтарды әшкерелеу, буржуазиялық қоғамның келеңсіз жақтарына сыни тұрғыда баға беру сипаттары кең түрде талданады.

Ғылыми жаңалығы: Чех қаламгерлерінің ерекшеліктері, діни-аскеттік саясатқа қарсы жазушылардың философиялық-адамгершілік, сыншыл көзқарастары талданады. Чехия әдебиетінің Еуропа әдебиетіндегі орны анықталады, құрылымы, даму деңгейі қарастырылады, шығармалардың әрқайсысына нақты сипаттама беріледі және қолдану әдістері сараланады.

Материалдары мен зерттеу әдістері. Зерттеу материалы ретінде Еуропа әдебиетіндегі Қайта өрлеу дәуірін қарастырған Лосев А.Ф. [1], Андреев М.Л. [2], Гуревич А.Я. [3], Кудрявцев О.Ф. [4], Мелетинский Е.М. [5], Пуришев Б.И. [6], Виппер Ю.Б. [7], Стеблин-Каменский М.И. [8], Ганин В.Н. [9], Қобланов Ж.Т. [10] сияқты қазақ және шетел ғалымдарының еңбектері пайдаланылды. Осы еңбектер негізінде зерттеудің бағыттары анықталды. Еуропа әдебиетіндегі қайта өрлеу көрінісін, көркем шығармашылықтың табиғатын қарастыратын шетелдік ғалымдардың жұмыстары ерекше назарымызда болды. Сол еңбектерді талдау және жүйелеу әдеби шығармашылықтың танымдық сипаттарын, атап айтқанымызда әдеби үдерістердің даму бағыттарын зерттеуге деген көзқарастары мен қағидаттарын ашуымызға оң әсерін тигізді.

Мақалада психологиялық, герменевтикалық, тарихи-салыстырмалы әдіс-тәсілдер кең қолданылды. Еуропадағы ренессанс тенденцияларының чех қаламгерлері туындыларындағы көрінісін, шығармалардағы поэтикалық элементтерді зерттеп саралау үшін функционалдық-тарихи әдісті де қолдандық. Бұл әдіс көркем шығармадағы оқырмандық нұсқалардың тарихи дамуындағы әдебиеттің қызметін, сондай-ақ қаламгерлердің шеберлігін зерттейді. Психологиялық әдісті пайдалану арқылы кейіпкер мен автордың ішкі сезімдері мен тәжірибелерін тереңірек ашып көрсетуге ұмтылдық. Герменевтикалық әдіс гуманистік сипаттағы туындылардың идеялық-тақырыптық мән-мазмұнын қалыптастыруға әсер етті. Осы әдісті қолдану авторлық тұжырымдаманың мәні мен мағынасын тереңірек ашуға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-тарихи әдісті қаламгердің дүниетанымындағы жақындық пен айырмашылықты анықтауда пайдаландық. Бұл әдісті қолдану чех қаламгерлері туындыларында суреттелетін көзқарастарының негізгі ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері. XIV ғасырдағы чех ұлттық поэзиясынан сақталып қалған әдеби мұраларда өмірдің шынайы қуанышы, табиғат, махаббат көріністерімен байланыстырыла бейнеленеледі. «Бұталар ағашқа оралады» өлеңінде алғашқы көктемнің келуі, табиғаттың ұзақ ұйқыдан оянуы, адам жүрегінде туған ғашықтық сезімі, өз сүйіктісінен айрылғаннан соң пайда болған ішкі қайғысы суреттеледі. «Сырға толы, терең қайғы» өлеңінде сүйікті жарынан айрылып қайғыға душар болған ғашықтың жағдайы жырланады. «Сүйіктіңнің жарқын жүзін көруден артық бақыт жоқ болса керек, өйткені бұл хал адамды ерекше рақатқа бөлейді». Осы сияқты өлеңдерде адамның ішкі нәзік сезімдері, жарының махаббатына қол жеткізудің қиындығы, «егер сүйген жарың адал болса, кедейліктен қорықпасаң да болады» деген секілді пікірлер айтылады.

Чех ренессансының қарсаңында, яғни XIV ғасыр әдебиетінде (ғашықтық лирикасы, «Емші» комедиясы) негізінен талантты ақын Смиль Фляшка шығармалары маңызды орынға көтерілді.

Отаншыл, патриот чех қаламгері Смиль Фляшка (1350-1403) дәулетті, бай отбасында дүниеге келді. Ол король сарайында қызмет атқарды. Прага университетінде оқуын аяқтап, бакалавр ғылыми дәрежесін алып, сарайдың тарихшысы болды. Фляшка көркем әдебиетпен айналысуға да уақыт тапты. Фляшканың алғашқы әдеби қызметі ежелгі чех мақалдарын жинаудан басталды.

Смиль Фляшка туындыларында дидактикалық мәселелер бірінші орынға шықты, көңілді әзіл формасында баяндалды. «Оқымысты мен атқосшы» сатиралық поэмасында екі түрлі кәсіп адамдарының сұқбаты (диалогы) берілген. Мұнда олар өз өнерін мадақтайды, бір-бірінің кемшілік жақтарын айтып, масқаралайды.

Осы өлеңмен мазмұндас «Жаңа кеңес» туындысында орта ғасырларда кең таралған хайуанаттар жайлы эпос жанрын пайдаланып, түрлі жануарлар тілі арқылы қоғамдағы қайшылықтар, король және феодалдар ортасындағы қырғиқабақ күрестер әшкереленеді.

«Әкенің ұлына айтқан өсиеті» дидактикалық поэмасында ақын сәуегей, данышпан қария ұлына адамның қоғамдағы орны туралы бірнеше насихат сөздер айтады.

«Шарап пен судың айтысы» жырында Смиль Фляшко ұятты әзіл мен юмор арқылы әлеуметтік теңсіздік мәселелерін көтереді. Поэмадағы «көңілді, мас шарап» пен «қарапайым су» айтысы екеуінің де адамға қажет нәрсе екендігін айтумен аяқталса да, ақын той-томалақ пен мерекенің «келбеті» болған шарап жағында екендігін байқаймыз. Поэманың шешуші кезеңі «қалтасында бақыр тиыны жоқ адам ғана шарап ішпейді» деген ишарамен аяқталуы, автордың христиан дініне өмірдің қуанышты, ләззатты сәттерін қарсы қойғандығының дәлелі болатын.

Чех қоғамындағы реформациялық, қайта жаңғыру әрекетінің көсемі, ұлт-азаттық қозғалыстардың рухани қолбасшысы Ян Гус 1369 жылы Гусинец деген қыстақта кедей шаруа отбасында дүниеге келді. Прага университетін үздік бітірген соң, сол жерде қалып, оқытушылық қызметпен айналысты. Көп ұзамай университетте факультет деканы болып сайланды. 1401 жылы діни мансапта болған Ян Гус католиктік шіркеудің қалыптасқан заңдарын бұзып, уағыздарын «қасиетті» латын тілінде емес, ұлттық чех тілінде оқыды. Ян өзінен бұрын өмір сүрген ірі чех қайраткерлерінің озық гуманистік идеяларын қайта жаңғыртқан ұлы реформатор тұлға да еді.

Гус жасаған дәуірде кедей шаруаларды чех және неміс байлары, ал қаланың ұсақ, майда кәсіпкерлерін ірі байлар аяусыз қанап отырған болатын. Рим папасы мен биліктің саясатын жүргізіп отырған католик шіркеуі қолында едәуір көлемді жер-мүліктер болды. Гус өзінің халық алдында сөйлеген сөздері мен туындыларында діндарлардың озбырлығы және моральдық жақтан әбден бұзылғандығын әшкерелеп, «шіркеудің қолында жер болмасын, шаруалардан ауыр салықтар жиналмасын», деп католиктік шіркеуді түбегейлі реформалауды талап етті. Еңбекші халықтың арманы мен мүддесіне сай келген бұл сөздер ел арасына жылдам тарады. Ян Гус католиктік қағидалардың көпшілігіне қарсы болмағанымен, діндарлардың жекелеген құқықтары мен әрекеттерін мойындамау туралы ой-пікірлері маңызды саяси мәнге ие еді. Католиктік шіркеу діни рәсімдер мен жоралғыларды дін өкілдеріне қызыл шарап, қарапайым кедей шаруаларға тек нанмен ғана атап өтуге өкім шығарып, дін қызметкерлерін ерекше жоғары орынға қойған болатын. Ян Гус осы діни жоралғыны барлық шаруалар да «шарап және нанмен өткізуі тиіс» деген иендік пікірді ортаға салды.

Папа билігіне қарсы қажырлы күресте Ян Гус ағылшын шіркеуінің ірі реформаторы Виклиф іліміне арқа сүйеді. Дегенмен Густің мұндай талаптары шіркеу және феодалдық озбырлық астында қалған кедей шаруалар мүддесін ойлауы нәтижесінде Виклиф көзқарастарынан ерекшеленіп, демократиялық жаңа сипат алды. Густің қойған талаптары қала халқының да талаптарына сай келді. Бірақ Густің осы талаптары нағыз ұлттық мазмұнда болғаны себепті Чехиядағы неміс бюргерлері оған қарсы шықты. Папаға тәуелсіз чех ұлттық шіркеуін құру идеясын көздеген реформация қозғалысы ұлт-азаттық әрекетімен бірігіп кетеді. Бұл болса, өз кезегінде неміс байларының Чехиядағы үстемдігіне қарсы күрестерге себепші болды. Ян Гус бастаған Реформация қозғалысы үлкен жеңістерге жете бастайды. Прага университеті қайта реформаланып, немістер ірі мансаптардан шеттетіледі. Густің және оны қолдаушылардың идеяларын іске асыруға мүмкіндіктер туады. Тәуелсіз славян мәдениетін жасау, чех тілін қалыптастыру бойынша көптеген жұмыстар атқарылады. Сонымен қатар, католиктік шіркеу өкілдері мен неміс байларының Ян Гуске қарсы шабуылдаы да күшейе түседі.

Неміс феодалдары Гуске аяусыз шабуылдар жасаған сайын, халықтық және ұлттық құқықтарды қорғаушы тұлға ретінде ол чехтар арасында үлкен даңққа бөлене бастады. Виклиф туындыларына «еретик» деп үкім шығарылғанда, Ян Гус оның ой-пікірлерін табанды түрде қорғайды. Сол уақыттан бастап католиктік шіркеу мен Ян Гус арасындағы

кескілескен қайшылықтар күшейе бастайды. Прага қаласының архиепископы оны «шіркеуден қызметінен қуылды» деп жариялады, бірақ бұл жағдайға халық қатты наразылық танытты. Папаның діни ықпалын күшейтуге болған ұмтылыстарды Гус тағы да әшкерелейді. «Рим папасының оған қарсы шабуылы күшейген тұста, Ян Гус Прага қаласынан кетуге мәжбүр болды (1413-1414 жж). Дегенмен, шәкірті Иероним ұстазының ісін жалғастырады. Густің озбыр билікке «бағынбау туралы ілімі» халықтың қолындағы зұлымдыққа, зорлыққа қарсы күрес құралына айналды» [10.183].

Оңтүстік Чехиядағы Ян Гус чех ұлттық жазуын реформалау, шетел сөздерінен, әсіресе, соңғы уақытта енгізілген немістің кірме сөздерінен тазарту бойынша тынымсыз еңбектенеді. Гус «Інжілдің» чех тіліндегі бұрынғы ескі аудармасын қалпына келтіру нәтижесінде Реформация қозғалысының қолына маңызды, күшті қару береді. Ян Гус чех әдеби тілінің де негізін қалыптастырды. Кертартпа зиянкес топ халықтың мүддесін қорғаған ұлы қайраткерден кек қайтару мақсатынан қайтпады. Констанцада 1414 жылы ұйымдастырылған католик шіркеуінің кеңесі «ересь» деп айыпталған Ян Гус алдымызға келіп, құнасын мойындауы тиіс» [10.186] деп талап қойды. Оған ешқандай қастандық жасалмауына уәделер бергендігіне қарамастан, Гус бұл кеңеске келген соң, көп ұзамай зынданға қамалды. Густі жеті ай бойы тергеусіз, қамақта ұстады. 1415 жылы маусым айында Гус ісі бойынша алғашқы сот басталады. Ян Гуске қарсы үкім алдын-ала дайындалып қойған еді, бірақ герман императоры Сигизмунд пен католиктік шіркеу реформаны, сонымен бірге халықтың байларға бағытталған наразылықтарын тұншықтырып басу үшін Ян Густен өз идеясы мен ілімдерінен бас тартып, кешірім сұрауын талап етті. Халық көсемі ретінде танылған және азаттық, теңдік үшін өз өмірін да аямаған Ян Гус халық мүддесіне қиянат жасай алмады, сондықтан мақсатынан бас тартпады. Ол «тәубесіне келмеген «дінсіз», «еретик» ретінде отқа өртелді. Осы оқиғадан бір жыл өткен соң, яғни 1416 жылы Густің нағыз ізбасар шәкірті Иероним Пражеский де қастандықпен өлтірілді. Діндарлар мен байлардың осы зұлымдығы халықтың төңкерісшіл әрекетін тұншықтыра алған жоқ. Керісінше, Ян Густің қайғылы өлімінен кейін, чех халқының ұлт-азаттық күресі одан да өрши түсті. Халқын сүйген ұлы реформатор есімімен аталған **гусшілдер соғысы** (1419-1434 жж) мұның ең жарқын дәлелі екендігі даусыз. Гусшілдер соғысы «герман императоры мен неміс дворяндығы билігіне қарсы діни рухпен суғарылған ұлттық чех шаруалар соғысы» болды. Шаруалардан басқа, бұл соғысқа алғашында қала тұрғындары мен дворяндар да қатысты.

XV ғасырдың басында Чехия күшті феодалдық мемлекет болып қалыптасты. Ақша-тауар қатынастарының қарқынды өсуімен феодалдық бытыраңқылықтар қатты шиеленісе түсті. Қыстақтарда байлар мен шаруалар, қалада плебейлер мен парициттер, қолөнершілер ортасында қайшылықтар күшейген еді. Таптық қарсылықтар ұлттық озбырлыққа ұласып, мемлекет қазынасының жартысын өз уыстарында ұстап, Чехияның мәдени және экономикалық дамуына кедергі болып отырған еді.

Чехиядағы ұлт-азаттық қозғалыстың алғашқы кезеңі ұлы реформатор, қайраткер Ян Гус қызметімен тығыз байланысты. Ол аярылықпен өлтірілген соң, бұл үлкен халықтық қозғалысқа айналды. Мемлекеттен немістер қуылғаннан кейін, Рим папасымен арақатынас шиеленісті. 1418 жылы Рим папасы Мартин V гусшілдерге қарсы және чехтардың ұлттық намысына тиетін жарлығын жариялады. Бұл жағдай бүкіл чех халқының ызасын туғызды. 1419 жылдың шілде айында Прага қаласында неміс-католиктік магистраты мен гусшілдер арасында болған қақтығыс халықтың көтерілісіне ұласты. Қала билігі көтерілісшілердің қолына өтті. Прага көтерілісімен қатар гусшілдер соғысы да басталып кетті. Осы оқиғадан көп ұзамай (1419 жылдың тамыз айында) Чехия королі Воцлов IV қайтыс болған соң, інісі император, ұлт-азаттық қозғалыстың қас жауы Сигизмунд I таққа отырды. Гусшілдер болса барлық жерде билікті өз қолдарына алды. Бұл қозғалыстың ішінде екі негізгі ағым бар еді. Оның бірі **чашниктер** деп аталған қаланың орташа дәулетті топтарын қамтыған ағым болып, олар неміс байлары мен қала парициттері билігін құлату, католиктік шіркеуді қайта реформалау жолымен жер-мүліктерден айыру, соң оны мүлде жою, оның орнына ұлттық

шіркеуді орнатуға ұмтылды. Осы ұмтылыстың католиктікке қарсы сипаты діни жоралғыны нанмен, қызыл шараппен орындауға бағытталған іс-шарада анық көрінді. Жоралғы чашасы (ыдысы) гус қозғалысының негізгі символына айналған еді, «Чашниктер» термині де содан келіп шықты. Ұлт-азаттық көтерілісінде халықпен тығыз байланыста болған чашниктер, соң байларға қарсы күрестің өрістей түсуіне кедергі болды. Олар императормен және католиктік шіркеумен мәмілеге келуге дайын тұрды. Папа мен Сигизмунд Чехияны күшпен бағындыра бастағаннан кейін ғана чашниктер халықпен бірігуге мәжбүр болды.

Гусшілдер қозғалысындағы екінші ағым революциялық көзқарастағы плебей-шаруа топтарын біріктірген ағым болды. Олар католиктік шіркеуге қарсы күреспен ғана шектеліп қоймай, феодалдық қоғамды түбегейлі құлатуды ойлады. Олар қоғамдық теңсіздікті жоюға ұмтылды. Чехияның оңтүстік өңіріндегі Табор тауының баурайында 1420 жылы олар өз мақсаттарына жету үшін үлкен армия жинады. Осылардың негізінде қалыптасқан табориттер қосыны сыртқы ішкі және сыртқы жауларға қарсы аяусыз соғыстар жүргізді. Екі ағым ортасында астана үшін күрес туды. Чашниктер Прага қаласын алғанда, табориттер көп қаланы азат етті, немістің серілерімен соғысып жатқан еді. 1420 жылы көкек айында Сигизмунд басшылығындағы жүз мың сарбаз Чехияға баса-көктеп кірді. 1420 жылы шілде айында Ян Жижки бастаған табориттер дұшпандарына ойсырата соққы берді. Осы жылдың қарашасында Сигизмунд қосыны Прага қаласы маңында тас-талқан болып жеңіліске ұшырады. Гусшілдердің біріккен қосындары Прага қаласын алды. Неміс байларының бұдан соңғы жасаған жорықтары да сәтсіздікпен аяқталды.

Чехияны жеңе алмаған Рим папасы мен Сигизмунд чашниктермен еріксіз халде бітімге отыруға мәжбүр болды, бірақ табориттер бұл бітімге келіскен жоқ. 1414 жылы мамыр айында католиктік-байлардың жетегінде кеткен чашниктер мен табориттер ортасында үлкен шайқас болды. Чашниктер қосынының сан жақтан басымдығы, табориттердің салт атты әскерлерін басқарған сері Ян Чанектің, тағы да басқа байлардың қиянатының нәтижесінде он бес жылға созылған тынымсыз соғыстан әбден қалжыраған табориттер үлкен жеңіліске ұшырады.

Қорытынды. Гусшілдер соғысы мен чех халқының ұлт-азаттық көтерілісі католиктік шіркеудің жеңілмес құдіретіне қатты соққы болып, неміс байларының үстемдігін едәуір әлсіретті. Бұл жағдай елдің мәдени және экономикалық дамуына қолайлы жағдайлар туды. Католиктік шіркеу мен феодалдық озбырлыққа қарсы бағытталған табориттердің революцияшыл күресі басқа көрші мемлекеттердегі ілгерішіл қозғалыс пен әдебиетке, соның ішінде, Германиядағы шаруалар соғысы мен оның көсемдеріне үлкен ықпал етті.

Гусшілдер қозғалысы туған дәуірде өмір сүрген ірі қоғам қайраткерлердің бірі - Петр Хельчицкий (1390-1443). Ол қарапайым кедей шаруа отбасында дүниеге келді. Хельчицкий сол дәуірдің шынайы бейнесі мен қайшылықтарын қаламгер ретінде Ян Гуспен байланыс орната отырып, заманының діни реформация қозғалысына белсенді араласты. Ол осы қозғалыс ішіндегі сол және оң ағымдармен де ашық тартыстарға түсіп, қарулы көтерілістерді қолдаған табориттерге қарсы шықты. Туындылары діни мазмұнда болса да, оны өмірмен, тұрмыспен тығыз байланыстыра бейнеледі. Петр Хельчицкий адамдар ортасындағы өзара қарым-қатынастар қандай болуы тиіс екендігін ашып көрсетуге ұмтылып, гусшілдер соғысында барлық қиыншылықтар қарапайым кедей шаруалар мен ұсақ кәсіпкерлердің мойнына түскендігін айқын суреттеді.

Петр Хельчицкийдің сақталып жеткен көлемді туындыларының бірі - «Ынтаның түрі». Туындының негізгі оқиғасы «Інжілдегі» аңыздардың бірінен алынған. Мұнда Иса пайғамбардың бұйыруымен суға торын тастаған Петр әулиенің балықты қалай аулағандығы туралы айтылады. Қаламгер осы аңызды өте шебер пайдаланған. Тор арқылы Иса пайғамбар ілімінің негізгі қасиеттері символдастырылады. Хельчицкий торға түскен және оның едәуір жерін жыртып тастаған екі кит туралы хикаялайды. Олар Рим императоры мен Рим папасын есімізге түсіреді. Католиктік шіркеуді меншіктеніп алған бұл аусар топ өз жанына діни және қарапайым кедей жандарды жинайды. Олар – ғалым, діндар және монах.

Бұлардың біріншісі - еңбекші кедей халық, екіншісі - шіркеу билігіне таласып жатқан княздар мен король, үшіншісі - ғибадатын ешқашан қаза қылмаған дін өкілдері. Адамдардың осылайша бөлінуі Иса пайғамбар іліміне қайшы келеді, деп озбыршыл топтардың арамтамақтығын қатты сынға алады, католик шіркеуі мен биліктің таптық бейнесін шынайы ашып береді. Петр Хельчицкий дамып, өсіп жатқан жаңа топ - буржуазияның да келеңсіз, озбыр жақтарын көрсетуден қашпайды. Діни және феодалдық өкіметке қарсы күрес рухында баяндалған бұл туындыда қаламгер шіркеуді реформалау қажет деген пікірмен шектеліп қалмайды. Ол «христиандық қоғамындағы бүкіл тұрмысты жылдам реформалау, Иса пайғамбар заманындағы өмірге қайта оралу, барлық адамды тең құқықылы қылу қажет» деген пікірлерді де алдымызға тартады. Бірақ ол халықты жауға қарсы қарулы көтерілістерге шақырмайды. Бұл жағдай табориттердің төңкерісшіл әрекетінің жеңілісінен соң мемлекеттегі көңіл-күйді ашық көрсететін еді.

Жеңіліске ұшыраған табориттердің бір бөлігі Богемияның солтүстік-шығысындағы таудың баурайында «Чех азаматтары» деген атпен өмір сүре бастады. Бұл топ чех демократы, реформатор Ян Густің ілгерішіл идеяларын іске асыруды негізгі мақсат етіп қояды. Олар Хельчицкий ілімін де қабылдап, феодалдық билікті мойындамайды, Достық, бірлік идеяларын қорғап, өзара жәрдем негізінде іс жүргізеді. Бірақ олар таптық күресті қабылдамай, «адамдардың сана-сезімін өсіру арқылы олардың жағдайын жақсартуға болады», деп ойлайды. Олар қоғамдағы тәлім-тәрбие істеріне де қызығады, ана тілінде жалпы бастауыш білім беруге кіріседі. Кішкене бір топ алға тартқан мұндай маңызды пікірлер ұлттық бірлікке, чех тілі мен әдебиетінің қалыптасуына үлкен ықпал етті. Табориттердің де ілгершіл дәстүрлері ұзақ уақытқа дейін қоғамның дамуына өз әсерін тигізіп келді. Бұл жағдай ұлы чех қайраткері Коменскийдің шығармаларында айқын көрініс тапты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1]. Лосев А. Ф. Эстетика Возрождения. М., 1978.
- [2]. Андреев М. Л. Средневековая европейская драма. М., 1989.
- [3]. Гуревич А. Я. Категории средневековой культуры. 2-е изд., испр. и доп. М., 1984.
- [4]. Кудрявцев О. Ф. Ренессансный гуманизм и "Утопия". М., 1991.
- [5]. Мелетинский Е. М. Средневековый роман: Происхождение и классические формы. М., 1983.
- [6]. Пуришев Б. И. Литература эпохи Возрождения: Курс лекций. М., 1996.
- [7]. Виппер Ю. Б. Поэзия Плеяды: Становление литературной школы. М., 1976.
- [8]. Стеблин-Каменский М. И. Мир саги: Становление литературы. Л., 1984.
- [9]. Ганин В.Н. История зарубежной литературы XVII-XVIII веков. – Москва: Юрайт, 2024. – 415 с.
- [10]. Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиетінің тарихы: 3-кітап. 4-басылым. Оқулық. Алматы: Лантер Трейд, 2020. – 490 б.

References

- [1]. Losev A. F. Jestetika Vozrozhdenija. M., 1978. [in Russian].
- [2]. Andreev M. L. Srednevekovaja evropejskaja drama. M., 1989. [in Russian].
- [3]. Gurevich A. Ja. Kategorii srednevekovoj kul'tury. 2-e izd., ispr. i dop. M., 1984. [in Russian].
- [4]. Kudrjavcev O. F. Renessansnyj gumanizm i "Utopija". M., 1991. [in Russian].
- [5]. Meletinskij E. M. Srednevekovyj roman: Proishozhdenie i klassicheskie formy. M., 1983. [in Russian].
- [6]. Purishev B. I. Literatura jepohi Vozrozhdenija: Kurs lekcij. M., 1996. [in Russian].
- [7]. Vipper Ju. B. Pojezija Plejady: Stanovlenie literaturnoj shkoly. M., 1976. [in Russian].

- [8]. Steblin-Kamenskij M. I. Mir sagi: Stanovlenie literatury. L., 1984. [in Russian].
- [9]. Ganin V.N. Istorija zarubezhnoj literatury XVII-XVIII vekov. – Moskva: Jurajt, 2024. – 415 s. [in Russian].
- [10]. Qoblanov J.T. Şetel ädebietiniñ tarihy: 3-kıtap. 4-basylym. Oqulyq. – Almaty: Lanter Treid, 2020. – 490 b. [in Kazakh].

Кобланов Жоламан Таубаевич^{*1}, Каримсакова Бактигул Абдимухановна.²

*Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
г. Актау, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ЛИТЕРАТУРЫ ВОЗРОЖДЕНИЯ В ЧЕХИИ

Аннотация. Статья посвящена осмыслению значения литературы Возрождения в Чехии. Гуманистическая деятельность, зародившаяся в Чехии, занимает важное место в истории славянского Возрождения. В XV веке усилилась ненависть к папскому господству и борьба за независимость в Чехии, где процветала деятельность гуситов. Чешская литература этой эпохи имела дидактическое и религиозное содержание. Экономическое развитие государства изменило положение городов. Тем не менее, это позволило итальянскому гуманизму стать более распространенным. Большую роль в борьбе против иностранного господства и феодального произвола сыграли движение гуситов. Но поскольку этот акт был окутан религиозным покровом, патриотические псалмы также были в религиозном духе, они исполнялись в сопровождении музыки. Борьба гуситов против католиков и реформаторские течения этого периода не могут выделить основные черты чешской литературы эпохи Возрождения. Основные черты ренессанса ярко проявляются в мировой культуре, опирающейся на основы античного общества, в искусстве, отражающем достижения тела и души, изображающем радости жизни. Первая стадия развития чешского гуманизма соответствует периоду, когда Петрарка находился в Праге (1356 г.). С этого времени начинает проявляться интерес к «новому стилю» итальянской поэзии. В статье также утверждается, что историко-политические события, происходящие в чешском обществе в тот период, также оказали большое влияние на развитие литературы.

Ключевые слова: эпос, лирика, сцена, жанр драмы, чешская литература, эстетика.

Koblanov Zholaman Taubaevish^{*1}, Karimsakova Baktigul Abdimukhanovna²

*Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau,
Kazakhstan*

FEATURES OF RENAISSANCE LITERATURE IN THE CZECH REPUBLIC

Abstract. The article is devoted to understanding the significance of Renaissance literature in the Czech Republic. Humanistic activity, which originated in the Czech Republic, occupies an important place in the history of the Slavic Renaissance. In the XV century, hatred of papal domination and the struggle for independence intensified in the Czech Republic, where the activities of the Hussites flourished. Czech literature of this era had didactic and religious content. The economic development of the state has changed the situation of cities. Nevertheless, this allowed Italian humanism to become more widespread. The Hussite movement played an important role in the struggle against foreign domination and feudal arbitrariness. But since this act was shrouded in a religious veil, the patriotic psalms were also in a religious spirit, they were performed accompanied by music. The struggle of the Hussites against the Catholics and the

reform movements of this period cannot distinguish the main features of the Czech literature of the Renaissance. The main features of the Renaissance are vividly manifested in world culture, based on the foundations of ancient society, in art reflecting the achievements of the body and soul, depicting the joys of life. The first stage of the development of Czech humanism corresponds to the period when Petrarch was in Prague (1356). Since that time, interest in the "new style" of Italian poetry begins to manifest itself. The article also argues that the historical and political events taking place in Czech society during that period also had a great influence on the development of literature.

Keywords: epic, lyrics, stage, drama genre, Czech literature, aesthetics.